«Бекітемін»
«№3 Айналайын бөбекжай-бақшасы» МКҚК
Меңгерушісі________________ С.А.Амандыкова

# «Ұлттық ойындар»

Дайындаған тәрбиеші: Тулеубаева А.Б

2023-2024 оқу жылы

**Тақырыбы:** Ұлттық ойындар
**Мақсаты:** Балаларды ұлттық ойын арқылы татулыққа, адамгершілікке баулу. Бір - біріне деген сыйластығын, достық қарым қатынасын нығайту. Ұлттық ойын арқылы салт - дәстүрлерді сақтай білуге тәрбиелеу. Бір - біріне деген шынайы достықты сезіне білу дағдысын дамыту.
Қажетті құралдар: Арқан, тақия, асық

**Шаттықшеңбері.**
Бақша-біздіңүйіміз
Тату-тәттіжүреміз
Баулыпапа,ағамыз,
Құстайқанатқағамыз
Жақсыболыпөсуге,
Бізтырысыпбағамыз.
- Балаларқазіржылдыңқаймезгілі?
- Көктем.
- Көктеммезгілініңқайайы?
- Наурыз.
- Дұрысайтасыңдарбалалар,қазіркөктеммезгілініңнаурызайы.
- Көктеммезгіліүшайдантұрады.
- ОларНаурыз,Сәуір,Мамыр.
Айаттарынбалаларбіргеқайталайды.
-Балалар наурыз мерекесінің сәні ұлттық ойыңдар.Сендер қандай ұлттық ойындарды білесіңдер?
-«Бәйге», «Қыз қуу», « Көкпар », «Арқан тартыс», асық ойындары т.б.
-Олай болса екі топқа бөліне қойыңдар. «Арқан тартыс» ойынын ойнаймыз.

«Арқан тартыс»
Ойын шарты: Бұл екі топқа бөлінген балалармен ойналатын ойын бір түрі. Арқанның екі жағынан екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ өз жағына алып, келсе сол топ жеңіске жетеді.
«Тақия тастамақ»
Ойын шарты: Топ ішінен бір қыз шығып, ұл баланың басына тақия кигізеді. Тақияны иеленген бала қызды қуып жетуі тиіс. Қыз жеткізбей кетсе баланы аздап төмпештеп алады. Ал жүйрік ұлдар әдемі қызбен билеу мүмкіндігіне ие болады.
«Қол күрес»
Ойын шарты: Ортаға екі ойыншы шығып, кілемнің үстіне жамбасынан жатады. Олар бас бармақтарын айқастыра қолдарын жымдастырып ұстайды.

Ойынның шарты қолының күші көп ойыншы қарсыластың қолын жерге тигізуі керек.
«Хан талапай »
Ойын шарты: Ойынды бастар алдында
«Талапай - ау, талапай»
Табылды ойын алақай деп айтады. Балалармен бірге қайталайды, қоржындағы асықтарды, отырған балаларға шашады.
Балалар: Жарыса «Ханталапай» деп дауыстап, асықтарды таласып бөліп алады. Жинаған асықтарын санай бастайды, әр бала жинаған асықтарын тігіп, оларды атуға дайындалады. Хан асығы қолына түскен бала ойынды бірінші бастайды. Тигізген асықтарды ұтып алады.
Тәрбиеші: Құрметті қонақтар, балалар, біздің алға қойған мақсатымыз ата – бабадан қалған өнер мен өнеге, үлгілерінің лайықтыларын баланың сана-сезіміне құйып, көзіне көрсете отырып, ұлттық ойын арқылы бойына сіңіріп, оларды әдептілікке, мейірімділікке, ізеттілікке, туысқандық пен бауырмалдыққа, үлкенге – құрмет, кішіге – қамқорлыққа баулып адамдық қажеттерді ұғындыру, қалыптастыру.
Бір ғажабы ойындар балалардың жан сұлулығында, тән сұлулығында жан-жақты жетілдіруге бағытталған.
Бүгінгі ортаңғы «Гүлдәурен » тобының балаларымен ұйымдастырылған «Ұлттық ойындар » атты балаларымен  оқу қызметін аяқтайық. Көріп тамашалағандарыңызға рахмет!